



Басты бет / Заңнама / Заңнама

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 22 сәуірдегі №
306-V ҚРЗ

← [Қайта оралу](#)

2014 жылғы 6 қыркүйекте Алматыда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы **келісім** ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті* *Н.Назарбаев*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан
Республикасының
Үкіметі арасындағы Азаматтық қорғаныс, төтенше
жағдайлардың
алдын алу және оларды жою саласындағы
ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

**(2015 жылғы 6 қарашада күшіне енді - Қазақстан
Республикасының**

халықаралық шарттары бюллетені, 2015 ж., № 6, 60-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі екі халық арасындағы дәстүрлі достық қарым-қатынастарды нығайтуға ұмтыла отырып,
азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық Тараптар

мемлекеттерінің әл-ауқаты мен ұлттық қауіпсіздігіне жәрдемдесе алатынын мойындай отырып,

төтенше жағдайлардың Тараптардың мемлекеттері үшін қауіп төндіретінін сезіне отырып,

азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ғылыми-техникалық ақпарат алмасудың Тараптар мемлекеттері үшін пайдасын ескере отырып,

Тараптардың біреуінің күштерімен және құралдарымен жою мүмкін емес төтенше жағдайлардың туындау мүмкіндігін және төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою мақсатында осыдан туындайтын екі мемлекеттің үйлесімді іс-қимылдарының қажеттілігін назарға ала отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының, басқа да халықаралық ұйымдардың төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы рөлін ескере отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімде пайдаланылатын терминдер

Осы Келісімде пайдаланылатын терминдердің мынадай мағыналары бар:

1) сұрау салушы тарап - басқа Тарапқа көмек көрсету жөніндегі топтарды, жарақ пен қамтамасыз ету материалдарын жіберу туралы өтініш беретін Тарап;

2) ұсынушы тарап - басқа Тараптың көмек көрсету жөніндегі топтарды, жарақ пен қамтамасыз ету материалдарын жіберу туралы өтінішін қанағаттандыратын Тарап;

3) уәкілетті орган - осы Келісімді іске асыруға байланысты жұмыстарға басшылық ету және оларды үйлестіру үшін Тараптардың әрқайсысы тағайындайтын орган;

4) көмек көрсету жөніндегі топ - сұрау салушы тарапқа жіберу үшін арнайы құрылған және көмек көрсетуге арналған мамандар тобы, оның ішінде әскери персонал;

5) төтенше жағдай - адамдардың қаза табуына, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға залал келтіруге, қомақты материалдық шығынға және адамдардың тіршілік жағдайының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан аварияның, қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, табиғи немесе өзге де зілзаланың салдарынан белгілі бір аумақта қалыптасқан жағдай;

6) төтенше жағдайлардың алдын алу - төтенше жағдайлардың туындау қауіп-қатерін мүмкін болғанынша барынша азайтуға, сондай-ақ адамдардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортаға келтірілетін залал мен материалдық шығындар мөлшерін азайтуға бағытталған іс-шаралар кешені;

7) төтенше жағдайды жою - төтенше жағдай туындаған кезде жүргізілетін және адамдардың өмірін құтқаруға және денсаулығын сақтауға, қоршаған табиғи ортаға келтірілетін залал мен материалдық шығындар мөлшерін азайтуға, сондай-ақ төтенше жағдай аймағын оқшаулауға, оған тән қауіпті факторлардың әрекетін тоқтатуға бағытталған авариялық-құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстар;

8) төтенше жағдай аймағы - төтенше жағдай орын алған аумақ;

9) азаматтық қорғаныс - бұл басқару органдарының мемлекеттік жүйесі мен бейбіт және соғыс уақытында халықты, шаруашылық жүргізу объектілері мен ел аумағын қазіргі заманғы

зақымдау құралдарының зақымдаушы (қиратушы) факторларының, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың әсерінен қорғау мақсатында жүргізілетін жалпымемлекеттік іс-шаралар жиынтығы;

10) авариялық-құтқару жұмыстары - төтенше жағдайлар аймағында адамдарды, материалдық және мәдени құндылықтарды құтқару, қоршаған табиғи ортаны қорғау, төтенше жағдайларды оқшаулау және оларға тән қауіпті факторларды жою немесе барынша төмен деңгейге дейін жеткізу жөніндегі іс-қимылдар;

11) жарақ - көмек көрсету жөніндегі топтың материалдары, техникалық және көлік құралдары, керек-жарақтары мен жеке керек-жарақтары;

12) қамтамасыз ету материалдары - төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен халықтың арасында тегін бөліп беруге арналған материалдық құралдар.

2-бап

Уәкілетті органдар

Тараптар осы Келісімді іске асыру үшін мынадай уәкілетті органдарды тағайындайды:

1) Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;

2) Тәжікстан тарапынан - Тәжікстан Республикасының Үкіметі жанындағы Төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс комитеті.

Тараптар өздерінің уәкілетті органдарының атауларындағы өзгерістер және олардың функцияларының басқа органдарға берілгендігі туралы дипломатиялық арналар арқылы бір-бірін дереу хабардар етеді.

3-бап

Ынтымақтастық нысандары

Қызмет осы Келісімге сәйкес Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады және Тараптардың әрқайсысының қажетті қаражатының болуына негізделеді. Осы Келісім шеңберіндегі ынтымақтастық мыналарды:

1) қауіпті техногендік және экологиялық процестердің, табиғи құбылыстардың мониторингін ұйымдастыру мен жүргізуді;

2) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың мониторингі және оларды болжау туралы ұдайы ақпарат алмасуды;

3) халықты төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауға, оның ішінде алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша дайындауды ұйымдастыруда тәжірибе алмасуды;

4) төтенше жағдайларды жою кезінде тиісті мемлекеттік органдарды ұйымдастыру мен үйлестіруді;

5) өнеркәсіптік авариялардың, апаттар мен табиғи зілзалалардың салдарынан болуы мүмкін ластануларға байланысты қоршаған табиғи орта мен халыққа төнген қауіп-қатерді бағалауды;

6) табиғи зілзалаларды болдырмауды және жоюды;

7) ғылыми-зерттеу жобаларын бірлесіп жоспарлауды, әзірлеуді және жүзеге асыруды, ғылыми-техникалық әдебиетпен және зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен алмасуды;

8) ақпарат, мерзімді басылымдармен, әдістемелік және басқа да әдебиетпен, бейне- және фотоматериалдармен, сондай-ақ технологиялармен алмасуды;

9) бірлескен конференциялар, семинарлар, жұмыс кеңестерін, оқу мен жаттығуларын ұйымдастыруды;

10) бірлескен жарияланымдар мен баяндамалар дайындауды;

11) екінші Тарап мемлекетінің жоғары оқу орындарында мамандар даярлауды, тағылымдамадан өтушілермен, оқытушылармен, ғалымдармен және мамандармен алмасуды;

12) төтенше жағдайларды жою кезінде өзара көмек көрсетуді;

13) үшінші елден немесе үшінші елге осы Келісімге қатысушы елдің аумағы арқылы жеткізілетін гуманитарлық жүгін өткізуге жәрдемдесу;

14) уәкілетті органдармен келісілетін төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы басқа да қызметті көздейді.

4-бап

Ұйымдар мен мекемелер арасындағы ынтымақтастық

Тараптар азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы қызметті жүзеге асыратын Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік органдары, өзге де ұйымдары, жеке тұлғалары арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

5-бап

Тараптардың өкілдерін қабылдау шарттары

Егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, жіберуші тарап төтенше жағдайларды жоюға көмек көрсетуге тікелей байланысты емес, осы Келісімнің **3-бабында** белгіленген қызметке қатысу кезінде өз өкілдерінің межелі пунктке дейін жол жүру, өз өкілдерінің тұру және тамақтану шығыстарын көтереді.

Егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, қабылдаушы тарап бірлескен конференциялар, семинарлар, жұмыс кеңестерін, оқу мен жаттығулар ұйымдастыру, сондай-ақ өз мемлекетінің аумағында жіберуші тарап өкілдерінің жүріп-тұруы жөніндегі шығыстарды көтереді.

6-бап

Көмек көрсету

Тараптар төтенше жағдайларды жою кезінде өзара көмекті мынадай тәртіппен көрсетеді:

1) Тараптар төтенше жағдайларды жою кезінде көмекті дипломатиялық арналар арқылы ресми сұрау салу негізінде көрсетеді. Шұғыл болған жағдайда мұндай сұрау салу ауызша жүзеге асырылады және барынша қысқа мерзімде одан әрі жазбаша расталуға жатады;

2) сұрау салуда төтенше жағдайдың сипаты, қажетті көмек түрлері мен көлемі туралы барлық ақпарат болуға тиіс;

3) сұрау салуды алған Тараптың сұрау салуды орындаудан бас тартуға құқығы бар, бұл ретте көмек көрсетуден бас тарту туралы шешімді қабылдау құқығы ұсынушы тарап мемлекетінің аумағында болжанатын қауіптердің, жасалып жатқан жұмыстар мен көмек көрсету жөніндегі бас тартулардың бар болуына

мен көмек көрсету жөніндегі осы топтардың бар болуына негізделуі мүмкін;

4) сұрау салуды алған Тарап сұрау салуды барынша қысқа мерзімде қарайды және сұрау салушы тарапқа көмек көрсету жөніндегі топтардың құрамын, сарапшылардың мамандықтарын көрсете отырып, көмек көрсету мүмкіндігі, нысаны, көлемі, шарттары және әкелінетін жарақ пен құтқару керек-жарағы туралы хабарлайды. Төтенше жағдай аймағына келу үшін пайдаланылатын көлік түрі және мемлекеттік шекарадан кесіп өту жоспарланатын пункт те көрсетіледі.

7-бап

Көмек түрлері

Төтенше жағдайларды жоюға көмек көрсету жөніндегі топтарды жарақтандыру, қамтамасыз ету материалдарын жіберу жолымен не өзге де сұралатын нысанда көрсетіледі.

Көмек көрсету жөніндегі топтар төтенше жағдай аймағында авариялық-құтқару жұмыстарын орындайды.

Көмек көрсету жөніндегі топтарға басшылық етуді осы топтардың жетекшілері арқылы сұрау салушы тараптың уәкілетті органы жүзеге асырады.

Сұрау салушы тарап ұсынушы тараптың көмек көрсету жөніндегі топтарының жетекшілеріне төтенше жағдай аймағында және нақты жұмыс учаскелерінде қалыптасқан жағдай туралы ақпарат береді, қажет болған кезде осы топтарды аудармашылармен және байланыс құралдарымен қамтамасыз етеді, сондай-ақ қауіпсіздікті, жедел медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді, олардың іс-қимылдарын үйлестіруді жүзеге асырады.

Көмек көрсету жөніндегі топтарды жарақтандыру 72 сағат бойы төтенше жағдай аймағында дербес іс-қимыл жүргізу үшін жеткілікті болуға тиіс. Жарақ қорлары біткеннен кейін сұрау салушы тарап көрсетілген топтарды олардың одан әрі жұмыс істеуі үшін қажетті құралдармен қамтамасыз етеді.

8-бап

Көмек көрсету жөніндегі топтардың мемлекеттік шекараны кесіп

өту шарттары және олардың сұрау салушы тарап мемлекетінің аумағында болу режимі

Көмек көрсету жөніндегі топтардың мүшелері сұрау салушы тарап мемлекетінің мемлекеттік шекарасын 2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы [келісімге](#) қосымшада көрсетілген Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің аумақтарына келуге, кетуге, транзиттік жол жүруге, жүріп-тұруға және онда болуға арналған құжаттар тізбесіне сәйкес құжаттар бойынша халықаралық қатынас үшін ашық өткізу пункттері арқылы кесіп өтеді.

Топ жетекшісінде көмек көрсету жөніндегі топ мүшелерінің тізбесі және қажетті құралдармен қамтамасыз етілуі бар болуы